



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2018

Мазмұны:

ЕСЕП ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ	3
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	4
Компания тарихы	8
2018 жылғы түйінді оқиғалары	10
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	12
Қызметкерлер	17
Басқару құрылымы	22
Корпоративтік басқару құрылымы	23
Директорлар кеңесінің құрамы.....	24
Қоғам Басқармасы	24
ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ	28
Нарыққа шолу және ондағы жағдай.....	29
Қызметтің өндірістік көрсеткіштері.....	31
Ысыраптарды төмендету динамикасы	32
2018 жылға электр энергиясы ысыраптарының құрылымы.....	32
Істен шығулары және авариялары	33
Электр желісіндегі апаттылықты жою бойынша іс-шаралар.....	34
«Шығысэнерготрейд» ЖШС электр энергиясын жеткізушілер.....	34
ШҚО бойынша ЭЖҰ тұтыну талдауы.....	37
«Шығысэнерготрейд» ЖШС тұтынушылары	38
Тұтынушылар саны және құрылымы.....	38
Байланыс орталығына келіп түскен қоңыраулар динамикасы.....	40
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ	42
2018 жылға күрделі қаржы салу көлемі	43
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ.....	48
Аудитор қорытындысы және ескертулермен бірге қаржылық есептеме.....	59

1. ЕСЕП ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Осы Есепте «ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС барлық мүдделі тараптарға 2018 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі қызметтің нәтижелері мен жетістіктерінің толық шолуын ұсынады.

Осы Есепте көрсетілген 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғам мен Серіктестіктің 2018 жылғы шоғырландырылған қаржы есебі «ПрайсуотерхаусКупер» («PwC») ЖШС тәуелсіз аудитормен расталған.


Осы Есептің аясында экономика, экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік пен өндірістік және қаржы қызметінің саласындағы ақпараттар көрсетілген. Ақпарат пен сандық мәлімет 2018 жылғы кезеңге ұсынылған, алайда ақпаратты салыстыру мен талдау мақсатында кейбір көрсеткіштерде 2013 – 2017 жылдардағы нақты деректер қолданылған.

Есеп циклі – жыл сайын.

Жылдық есепті дайындаған кезде құрылымдық бөлімшелердің есептері, аудиттелген қаржы есептілігі, CUBIC Energy БАЖ, ҚҚБЖБ, 1С және т.б. талдамалы деректері қолданылған.



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ





ШҚАЭК

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТЫҚ
ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ

2. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«ШҚ АЭК» АҚ

Шығыс Қазақстанның тарату желілері 1949 жылдан бастап жұмыс істейді.

«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компания» АҚ қызметінің негізгі түрі электр энергиясын беру болып табылады.

«ШҚ АЭК» АҚ Шығыс Қазақстан облысының келесі аумақтарына қызмет көрсетеді: 283,3 мың шаршы км. Облыста 15 ауылдық аудан, 10 қала, 872 кент пен ауыл, 254 ауылдық округ бар.

Кәсіпорын желілерінің ұзындығы **34 479** км құрайды. Қызмет көрсетілетін аумақтың ауданы – **283 300** шаршы километр. 35 кВ және одан жоғары трансформаторлық қосалқы станциялардың саны – **313** дана, ТҚС, ЖТҚС, ТҚС, ОТҚС – **6 514** дана, есепке алу нүктелерінің саны – **459 687**. Компания активтері **229 815** шартты бірліктен астам. Оларға **3000** аса жұмысшы қызмет көрсетеді.

Жабдықтардың қызмет көрсету бірліктерінің саны және электр желілерінің ұзындығы бойынша «ШҚ АЭК» АҚ тек Шығыс Қазақстан облысында ғана алдыңғы қатарда емес, Қазақстанның ірі аймақтық энергия таратушы кәсіпорындарының бірі болып табылады.

Қоғамда үш халықаралық стандарттар ISO 9001:2015, OHSAS 18001:2007, ISO 14001:2015 менеджментінің біріктірілген жүйесі енгізіліп, әрекет етеді.

Кәсіпорынның атауы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлікке және кәсіпорын жарғысына сәйкес: мемлекеттік тілде «Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компаниясы» акционерлік қоғамы; орыс тілінде Акционерное общество «Восточно-Казахстанская Региональная Энергетическая Компания».

Кәсіпорын мекенжайы:

070002, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Бажов к. 10.


Телефон: + 7 (7232) 29-36-60

Факс: +7 (7232) 75-20-51, e-mail: headoffice@ekrec.kz

Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компания» АҚ негізгі энергия жеткізуші кәсіпорындардың бірі болып табылады. Табиғи монополия субъектілерінің жергілікті бөліміне кіреді.

«ШҚ АЭК» АҚ ЖЕЛІЛЕРІНЕ ҚОСЫЛҒАН ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰРЫЛЫМЫ


Тұтынушылар саны 459 167



■ заңды тұлғалар - 8%

■ жеке тұлғалар - 92 %

Электр энергиясын желіге босату мен нақты ысыраптар



■ эл/энергия ысыраптары, млн.кВт.сағ.

■ эл/энергиясын беру көлемі, млн.кВт.сағ.



283 300 км² – қызмет көрсетумен 22 АЭЖ айналысады

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Күштік жабдықтардың саны, желілердегі барынша жүктеме

Барлық ҚС-35 кВ және одан жоғары – 313 дн.
 Барлық ТҚС, ЖТҚС, ТҚС, ОТҚС – 6 514 дн.
 Барлық тр-лар 0,4-6-10-35 және одан жоғары: 7 492 дн. - 5 192 МВА
 Қыс мезгіліндегі жүктеме max. – 765 МВт

ӘЖ, КЖ ұзындығы - 34 479 км., о.і.
 ЭБЖ 35-220 кВ – 9 170,83 км
 ЭБЖ 0,4-6-10 кВ – 23 571,14 км
 КЖ 0,4-6-10 кВ – 1 736,49 км



ШЫҒЫС ЭНЕРГОТРЕЙД

«Шығысэнерготрейд» ЖШС – «ШҚ АЭК» АҚ еншілес компаниясы

«Шығысэнерготрейд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) 2004 жылғы 28 қыркүйекте «ШҚ АЭК» АҚ энергия сату базасында - (28.12.2011ж. № 365-1917-01-ЖШС ШҚО Әділет департаментінде заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркелуі туралы куәлік) Парламент «Электр энергетикасы туралы» Заңды қабылдағаннан кейін құрылған еді. Аталған Заң, 2030 жылға дейін Электр энергетикасын дамыту бағдарламасымен қарастырылған жаңа нарықтық үлгіні енгізу аясында электрмен жабдықтау жөніндегі қызметтен электр энергиясын беру жөніндегі қызметті бөліседі.

Серіктестіктің дара құрылтайшысы «Шығыс Қазақстан Аймақтық Энергетикалық Компания» АҚ болып табылады.

«Шығысэнерготрейд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі электрмен жабдықтаушы ұйым болып табылады, Жарғының негізінде қызметтің негізгі түрі электр энергиясын сатып алу және сатып алынған электр энергиясын тұтынушыларға сату болып табылады (28.03.2014 ж. №14004072 «электрмен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу» қызметін жүзеге асыруға арналған лицензия).

Кәсіпорынның атауы заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлікке және кәсіпорын жарғысына сәйкес: Мемлекеттік тілде «Шығысэнерготрейд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі; Орыс тілінде Товарищество с ограниченной ответственностью «Шығысэнерготрейд».

Кәсіпорын мекенжайы:

070002, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Ворошилов к., 156

Телефон: + 7 (7232) 56-98-80

Факс: +7 (7232) 78-37-90, e-mail: shygys@shygys.kz

«ШҚ АЭК» АҚ компаниясының тарихы

Жыл	Даму кезеңдері
1997 жыл	«Алтайэнерго» бірыңғай энергетикалық жүйе ретінде жұмыс жасауды тоқтатты, Шығыс Қазақстан желілері дербес заңды тұлға болды. Магистралды желілері және қосалқы станциялар «KEGOC» АҚ тапсырылды. Жеке заңды тұлға құрылды – «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компания» жабық акционерлік қоғамы.
1999 жыл	«ШҚ АЭК» ЖАҚ оның Семейдегі филиалымен AES корпорациясының басқаруына тапсырылды.
2001 жыл	Барлық Шығыс Қазақстан облысы бойынша ысыраптармен күресу жөніндегі іс-шаралар кешені жүзеге асырылуда.
2004 жыл	Қазақстан Республикасының энергия беру және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың функцияларын бөлу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес «ШҚ АЭК» АҚ энергия өткізу базасында «Шығысэнерготрейд» ЖШС құрылды – ШҚО электр энергиясын кепілденген жеткізушісі. «ШҚ АЭК» АҚ өзін көтергіш оқшауланған сымды (ӨКОС) қолдана бастады. Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу туралы шешім қабылданды. Бұл жоба ӨКОС сияқты ҚР-да басқа электр желілік компаниялары арасында бірінші болды.
2005 жыл	«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компания» ЖАҚ «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компания» АҚ-на қайта тіркелді.
2006 жыл	Шығыс және Семей аймақтары «ШҚ АЭК» АҚ бірыңғай тарату компаниясына біріктірілді.
2008 жыл	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген «2003-2015 жж. аралығында Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясын» орындауда «ШҚ АЭК» АҚ TÜV SÜD Management Service GmbH (Германия) сертификаттау бойынша органда: екі халықаралық стандарттарының талаптары негізінде Менеджменттің біріктірілген жүйесін енгізді және сертификатталды: ISO 14001 и стандарт BS OHSAS 18001
2010 жыл	«ШҚ АЭК» АҚ Қазақстан кәсіпорындарынан тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға бірінші деңгейлі ЭКЕАЖ-сын алғашқы болып енгізді. Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу тәжірибесі ТМД бойынша ең үздік атанды.
2011 жыл	«ШҚ АЭК» TÜV SÜD Management Service GmbH (Германия) сертификаттау бойынша органда: SO 9001, ISO 14001 және BS OHSAS 18001 үш халықаралық стандарттарының талаптары негізінде Менеджменттің біріктірілген жүйесін енгізді және сертификатталды.
2012 жыл	«ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС сенімді басқаруға «Самұрық-Энерго» АҚ энергетикалық холдингіне тапсырылды.
2015 жыл	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрлігінің және БҰҰДБ «ПХД басқару бойынша кешенді жоспарды әзірлеу және орындау» бірлескен жобасы бойынша (2010ж. бастап) құрамында ПХД бар конденсаторларды Лион қ. (Франция) жоюға шығару жүргізілді, соның ішінде «ШҚ АЭК» АҚ 331 конденсатор шығарды.
2014 ж. - 2017 ж. аралығында	«ШҚ АЭК» АҚ инвестициялық бағдарламасы аясында жыл сайын желілерді және электр жабдықтарын қайта құру, ауыстыру және жөндеу жүргізілуде, осыған байланысты электрмен жабдықтау сенімділігі жоспарлы түрде жоғарылауда.
2014 ж. - 2017 ж. аралығында	80 000-нан астам абонентке ЭКЕАЖ енгізу бойынша жұмыстар орындалды.
2017 жыл	2017 жылғы 14 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ энергетикалық холдингі жаңа иесіне – «Шығыс Қазақстан энергетикалық компания» ЖШС-не іске асырылды.
2018 жыл	«ШҚ АЭК» АҚ МБЖ бақылау аудитін өткізу аясында ISO 9001 және ISO 14001 халықаралық стандарттарының 2015 жылғы жаңа нұсқасының талаптарына сәйкестікке сәтті көшуді жүзеге асырды.
2018 жыл	«ШҚ АЭК» АҚ мен Еуразиялық даму банкі өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды
2018 жыл	Семей аудандық электр желілерінің 100 жылдығы. «Мінсіз қызметі үшін» жоғары корпоративтік медалі жасалды. Семей аудандық электр желілерінің 100 жылдығының құрметіне «100 жыл Семей электр желісі» мерекелік медалі жасалынды.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС

Жыл	V, Млн. кВт.сағ	Орт. тариф	УУК*, %	Даму кезеңдері
%	28 қыркүйек заңды тұлғаны тіркеу			
2005	1 958	3,3	96	Кассалық әдістен э/э үшін төлемдерді есептеуге ауысу, «APLOS» биллингті бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу.
2006	2 096	3,91	97	КБО ашылуы, төлемдердің баламалы әдістері бойынша жобалар әзірлеу.
2007	2 123	4,9	94	Жылу және электрмен жабдықтау мәселелері бойынша тұтынушыларға арналған бірыңғай Call Center құру, Қостанайда және Қызылордада бөлімшелердің ашылуы.
2008	2 224	5,6	-	ISO 9001:2000 Сертификаттау, Қостанайда және Қызылордада бөлімшелердің жабылуы.
2009	2 202	6,2	95	Биллингті бағдарламалық қамтамасыз етуді, қосымша кірістер жөніндегі жобаларды жетілдіру – есептеу және жарықдиодты өнімдерді сату, есептеу айналымын жарнамалау.
2010	2 262	7,48	86	КАЙДЗЕН және АРЕХ, төлемдердің баламалы әдістерін (сайттар, Handy Pay, төлем терминалдары арқылы төлеу) үзіліссіз жақсартудың стратегиясы.
2011	2 542	8,13	97	Алғаш рет жыл пайдалы аяқталды, ресертификатталған ISO 9001:2008.
2012	2 668	9,14	95,3	«Самрұқ-Энерго» АҚ басқармасы, электрмен және сумен жабдықтау мәселелері бойынша қызмет көрсететін Байланыс-Орталықтарының активтері қабылданды, КБО-да «Электронды кезек» жобалары, бейнебақылаулар енгізілді (31 учаскеде).
2013	2 576,5	10,22	97,1	Биллингті бағдарламалық қамтамасыз ету жаңартылды, Жезкент және Усть-Таловка к. тұтынушылары қосылды, корпоративтік басқару жүйесі енгізілді: басқару органдары, Даму стратегиясы, тәуекелдерді басқару жүйесі бекітілді.
2014	2 659	10,87	97,2	www.shygys.kz корпоративтік сайтында «Жеке кабинет» енгізілді. Байланыс-Орталығына 12 аудан және заңды тұлғалар қосылды.
2015	2 643	10,516	98	Комиссиясыз автоматтандырылған кассалар, электр энергиясына берешек туралы sms-есеп және sms-ақпарат, Байланыс-орталығына 7 аудан қосылды, Жеке кабинетте «Есептеу калькуляторы» әзірленді.
2016	2 671	10,509	98,4	1С 8.3 платформасына ауысу, электронды шот-фактуралармен жұмыс жөніндегі мемлекеттік салық органдарының порталдарымен есептік жүйелер интеграциясы, www.shygys.kz сайтындағы «Жеке кабинет» жаңартылды, Android және iOS базасындағы мобильді құрылғылары үшін «Жеке кабинет» енгізілді.
2017	2 618	11,088	98	Шемонаиха ауданының Жезкент және Усть-Таловка к. тұтынушыларын электрмен жабдықтау, Өскемен қ. және Семей қ. операторлардың жұмысын бағалау үшін «дауыс беру түймесі» жүйесін орнату, ISO 9001:2015 жаңартылған нұсқаларының талаптарына сәйкестігін сертификаттау.
2018	2 632	11,642	-	Қадағалау кеңесін алып тастау бөлігінде Серіктестік органдарына өзгерістер енгізу; ұйымдастыру құрылымын оңтайландыру; ISO 9001:2015 сертифика-тынан бас тарту.

«ШҚ АЭК» АҚ 2018 жылғы түйінді оқиғалары

№	Оқиғалар	Күні
1	Тарифті 4,00 теңге/кВтсағ мөлшерінде бекіту (ҚҚС есебінсіз)	қаңтар
2	Тарифті төтенше реттеуші шаралар (ТРШ) ретінде 4,40 теңге/кВтсағ мөлшерінде бекіту (ҚҚС есебінсіз)	наурыз
3	portal.ekrec.kz ішкі корпоративтік порталын енгізу	сәуір
4	Еуразиялық даму банкі және «ШҚ АЭК» АҚ арасында өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қою	мамыр
5	Таврия АЭЖ полигонында өндірістік сайыстар	маусым
6	ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 сапа менеджменті және экологиялық қауіпсіздік бойынша жаңа нұсқаларға көшу және OHSAS 18001:2007 талаптарын растау халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігіне МБЖ бақылау аудитінен өтті.	31 шілде – 4 тамыз
7	«Ensto» халықаралық технологиялық компаниясымен және «Reka Cables» ірі фин кабель өндірушісімен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қою	қазан
8	«Басқару жүйесі және бизнес-үдерістердің нәтижелілігін арттыру туралы басшыға. Қызметтің негізгі көрсеткіштері» тақырыбына корпоративтік семинар	қараша
9	«Тәуекелдерді және мүмкіндіктерді басқару. Тәуекел-бағытталған тәсіл» тақырыбына корпоративтік семинар	қараша
10	ISO 45001:2015 бойынша денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі бойынша менеджер/ішкі аудитор» тақырыбына корпоративтік семинар	желтоқсан
11	Корпоративтік семинарлар: Тарату электр желілерін релелік қорғау; Қосалқы станциялардың электр жабдықтарын пайдалану және жаңғырту; ӘЖ жөндеу бойынша аудандық немесе аймақтық электр желілерінің шебері; Жоғары вольтты желілерді пайдалану; Тарату электр желілері диспетчерінің дайындық курсы.	желтоқсан
12	Энергетик күніне және Семей аудандық электр желілерінің 100 жылдығына арналған салтанатты іс-шара	желтоқсан

«ШҚО бойынша ҰЭМ ТМРжБҚҚД» РММ (ТМРҚД) 23.11.2015 ж. №388-ОД бұйрығымен 2016-2020 жж. «ШҚ АЭК» АҚ көрсетілетін электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерге арналған тарифтердің және тарифтік сметалардың шекті деңгейлері бекітілді.

2016 ж. тарифтік сметаларды орындаудың нәтижелері бойынша ТМРҚД, бекітілген тарифтік сметалардың шығындар баптары кем дегенде 5%-ға («ЖУ пайдаланғаны

үшін жер салықтары мен төлемдері» шығындарының бабын игермеу) орындалмағаны (үнемдеуі) үшін – уақытша өтемдік тарифті (УӨТ) сағатына 3,838 тг/кВт мөлшерінде бекітті. Тұтынушыларға келтірілген шығындарды толық өтеуге, ал нақтырақ, 1 954, 97 мың теңге мөлшерінде негізсіз алынған кірістердің сомасын 2017 жылғы 17 шілдедегі № 436 бұйрық негізінде қайтаруға байланысты, ТМРҚД УӨТ-ның әрекетке енгізілуіне дейін бекіту туралы бұйрықтың күшін жойды.

Бекітілген тарифтер деңгейі	2016 жыл	2017 жыл*	2018 жыл**	2019 жыл	2020 жыл
теңге/кВт*сағ, ҚҚС есебінсіз	3,76	3,82 / 3,839	4,00 / 4,40	4,08	4,26


* 2017 жылға тарифті бекіту:

- 01.01.2017 ж. бастап «ШҚ АЭК» АҚ үшін тариф сағатына 3,82 теңге/кВт мөлшерінде бекітілді (ҚҚС есебінсіз);
- 01.06.2017 ж. бастап тариф төтенше реттеуші шаралар (ТРШ) ретінде сағатына 3,839 теңге/кВт мөлшерінде бекітілді (ҚҚС есебінсіз).

2017 ж. қорытындылар бойынша орташа тариф сағатына 3,831 теңге/кВт құрады (ҚҚС есебінсіз).

** 2018 жылға тарифті бекіту:

- 01.01.2018 ж. бастап тариф сағатына 4,00 теңге/кВт мөлшерінде бекітілді (ҚҚС есебінсіз);
- 01.03.2018 ж. бастап тариф ТРШ ретінде сағатына 4,40 теңге/кВт мөлшерінде бекітілді (ҚҚС есебінсіз).



2018 жылы «ШҚ АЭК» АҚ-да ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 сапа менеджменті және экологиялық қауіпсіздік бойынша жаңа нұсқаларға көшу мен менеджменттің біріктірілген жүйесінің кезекті бақылау аудитінен сәтті өтті және OHSAS 18001:2007 талаптарын растау нәтижесінде келесі мерзімге жаңа сертификаттар алынды (01.09.2020 дейін сапа менеджменті жүйесі бойынша және 28.08.2020 дейін денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті

жүйесі бойынша сертификат). Ауытқушылықтар мен сәйкессіздіктер анықталған жоқ, 4 оң аспекті байқалды және менеджменттің біріктірілген жүйесінің нәтижелілігін жақсарту үшін 4 ұсыныс берілді.

2019 жылға ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне МБЖ бойынша сыртқы бақылау аудитінен өту жоспарланған.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС

№	Оқиғалар	Күні
1	Ұйымдық құрылымды оңтайландыру	шілде
2	Тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру үшін Өскемен қ. Үлбі және Октябрь учаскелері қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін бөлу	шілде
3	Қызметкерлерді ынталандыру үшін сыйлықақы берудің жаңа жүйесін енгізу	шілде
4	Бас директордың қатысуымен Бас директордың орынбасары тарапынан менеджерлерді/техниктерді/операторларды оқытуды жүргізу	шілде
5	Шағым-талап жұмысын жетілдіру мақсатында аутсорсинг ұйымымен (адвокат-сенім білдірілген өкіл) шарт жасасу	тамыз
6	Қызметкерлерді кейіннен Сату департаментіне көшірумен оқыту арқылы байланыс-орталығының қызметін жақсарту	қыркүйек
7	«ШҚ АЭК» АҚ-мен бірлесе отырып, ЭБҰ қолжетімділігі жоқ КЕА-на тұтынушыларды ажырату бойынша кешкі рейдтер ұйымдастыру	қыркүйек
8	Күрделі мәселелерді жедел шешу үшін «Шығысэнерготрейд» ЖШС учаскелер менеджерлерінің аймақтар директорлары өткізетін «ШҚ АЭК» АҚ селекторлық апта сайынғы кеңесіне қатысу	желтоқсан
9	Қызметкерлерге арнап еңбек және тұрмыстық жағдайларды жақсарту: компанияның барлық қызметкерлерінің жалақысын орташа есеппен 5%-ға индексстеу; Өскемен қ. тамақ ішуге арналған бөлмені ашу	желтоқсан

«ШҚ АЭК» АҚ еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

2018 есеп жылында «ШҚ АЭК» АҚ өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау деңгейін күшейту бойынша және қызметкерлермен жұмыс жасауда маңызды жұмыстарды атқарды. Компанияның өндірістік қызметкерлері жаңа технологиялар мен материалдарды қолданумен жасалған заманауи жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен, өрт сөндіру құралдарымен, медициналық дәрі қорапшаларымен, қауіпсіздік плакаттарымен, ыңғайлы және сапалы арнайы киім және аяқ киіммен толығымен жабдықталған.

Кәсіпорын денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі жағдайына бақылау жасайды. Денсаулықты қорғауға және еңбек қауіпсіздігіне елеулі әсерін тигізетін операциялық қызметтің маңызды сипаттамалары өлшенеді, осы мониторинг және өлшеу КН 01-04 «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша өндірістік бақылау» талаптарына сәйкес және еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы жағдайы мен энергия объектілерінде өрт қауіпсіздігін арттыруға бағытталған қорытынды бұйрықтар шығарумен Кәсіпорынның әрбір құрылымдық бөлімшесінде ҚТ күнін ай сайын өткізу арқылы жүргізіледі. Зиянды еңбек шарттарында қызмет көрсетуші жұмысшыларға арналған жеңілдіктер мен кепілдіктерге қатысты ЗҚНҚ талаптары толығымен орындалуда.

«Электр және жылу энергиясын өндіруді, беру мен бөлуді жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану ережелері мен қауіпсіздік техникасы ережелерін білуіне біліктілік тексерулер жүргізу ережелерінің» негізінде «ШҚ АЭК» АҚ бекітілген кесте бойынша барлық өндірістік қызметкерлердің білімін біліктілікке тексеру жүргізіледі. 2018 жылы «ШҚ АЭК» АҚ тұрақты әрекет ететін комиссиясында (Кәсіпорынның Орталық Комиссиясы, АЭЖ/аймақтар/техникалық басқармалардың құрылымдық бөлімшелерінің комиссиялары), білімін біліктілікке тексеруден – 2 160 адам өтті.

Сондай-ақ, ҚТ кабинеттерінде жаңадан қабылданған және іссапарға жіберілген қызметкерлерге, ҚМҰ қызметкерлеріне, сонымен қатар тәжірибеден өтетін студенттерге кіріспе нұсқамалықтар жүргізіледі. 2018 жылы 1268 дн. (оның ішінде 469 дн. - жаңадан қабылданған қызметкерлерге, 639 дн. - мердігерлік ұйымдар мен ҚМҰ қызметкерлеріне, 160 дн. - практиканттарға).

Электр тоғымен зақымдану қаупі туралы халықпен жұмыс жасалады. Мектептерде әңгімелесулер жүргізіледі,



БАҚ-та балалардың электрмен жарақаттануын болдырмау жөніндегі жарияланымдар бар. 2018 жылы АЭЖ ЕК, ҚТ және ҚОҚ инженерлерімен, ЕК, ҚТ және ЭҚ инженерлерімен мектептер мен лицейлерде электр қауіпсіздігі бойынша 152 сабақ жүргізілді. 2018 жылдың ішінде электр берілісі желілері және электр қондырғылары маңында өзін ұстау ережелері туралы ақпарат келесі БАҚ берілді:


- сайттар: altaynews, ustinka.kz, yk-news, 7232.kz;

«Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу ережелеріне» сәйкес барлық басшылық құрам қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау мәселелері бойынша мерзімді оқытудан өтеді. Сондай-ақ, техникалық өрт жөніндегі білімді алу және тереңдету мақсатында компания қызметкерлеріне бекітілген бағдарлама бойынша техникалық-өрт минимумы өткізілді.

2018 жылы «ШҚ АЭК» АҚ қызметкерлерімен 2 жазатайым оқиға болды. Барлық болған жазатайым жағдайларға Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 37-тарауының талаптарына сәйкес тексеру жүргізілді. Жазатайым оқиғалардың пайда болу себептері анықталды, ұқсас жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған түзету іс-әрекеттері әзірленді және орындалды.

Құрылыс-монтаждау ұйымдарының қызметкерлеріне (бұдан әрі – ҚМҰ) «ШҚ АЭК» АҚ электр қондырғыларында жұмыс жасауға рұқсат беру ҚР ЭМ 31.03.2015 жылғы №253 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерінің 491-506 аралығындағы тармақтарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

2003-2018 жж. өндірістік жарақаттанудың динамикасы



Еңбекті қорғауға жұмсалған шығындар, мың теңге

Атауы	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018
БАРЛЫҒЫ:	92 723	122 130	153 043	145 157	184 414	207 822	218 623
Материалдар: с.і.	60 764	69 697	86 016	78 698	112 275	133 393	145 592
Жуғыш заттар, дәрі-дәрмектер	2 119	3 420	3 693	3 606	6 020	6 497	9 425
Арнайы киім, арнайы аяқ киім	34 700	33 798	41 768	45 238	52 749	71 387	85 063
Арнайы тағам, сүт	1 789	2 566	3 274	3 387	2 738	3 338	7 675
Техникалық әдебиет, стендтер плакаттар, бланктер	2 116	2 767	3 52	3 451	3 634	3 382	2 143
Жеке қорғаныс заттары	15 368	17 008	19 849	12 541	24 188	26 508	16 982
Басқа материалдар	3 150	2 454	4 144	3 298	5 020	2 823	5 119
Құрал-саймандар	1 504	3 262	7 252	3 883	12 177	13 622	13 741
Еңбекті қорғау бойынша басқа шығындар: о.і.	31 959	52 433	67 028	51 713	72 140	74 429	73 031
Жылдық медициналық тексеру	7 805	10 210	13 114	14 746	16 294	15 840	16 091
Ауысымалды медициналық куәландыру	23 973	37 535	41 892	35 043	36 317	45 778	40 821

«ШҚ АЭК» АҚ қоршаған ортасын қорғау

«ШҚ АЭК» АҚ негізгі қызметінің бірі Шығыс аймағы бойынша электр берілісі желілеріне, трансформаторлық қосалқы станцияларға қызмет көрсету және электр энергиясын беру болып табылады.

Өндірістік объектілердің санитарлық жіктелуіне сәйкес «ШҚ АЭК» АҚ қауіптіліктің 4 класына, III санатқа жатады.

2010 жылдан бастап «ШҚ АЭК» АҚ ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес қоршаған ортаны қорғаудың басқару жүйесі (экологиялық менеджменттің жүйесі) жұмыс істейді.

2018 жылы Кәсіпорын ISO 14001:2015 стандартының жаңа нұсқасына сәтті өтті.

2018 жылы I, II, III санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың қолданылу мерзіміне қатысты ҚР Экологиялық Кодексінің 76-бабына өзгерістер енгізілді. 2018 жылдың қараша айында Кәсіпорын ҚР Экологиялық Кодексінің жаңа талаптарына сәйкес 30.11.2018 жылдан 31.12.2027 жылға дейін қолданылу мерзімімен қоршаған ортаға эмиссияларға жаңа рұқсат алды.

Экологиялық менеджменттің жүйесі – экологиялық саясатты (МБЖ саясаты) әзірлеу, еңгізу, іске асыру, талдау және қолдау үшін қажетті ұйымдастырушылық құрылымнан, жоспарлаудан, жауапкершіліктен, әдістерден, рәсімдерден, үдерістер мен ресурстардан тұратын әкімшілік басқарудың жалпы жүйесінің бөлігі болып табылады.

2018 жылдың басты мақсаты АЭЖ ТҚС, ЖТҚС күрделі жөндеулер жүргізу тәсілдерімен май толтырылған жабдықтарды пайдалану кезінде қоршаған орта құрамдарының ластануын алдын алуды бекіту.

Аталған мақсатты орындау үшін май толтырылған жабдықтары мен қосалқы станцияларға ағымдағы және күрделі жөндеуді ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі міндеттер анықталды.

«Алтай аймағы» бойынша аймақ қосалқы станциялардың күштік трансформаторларына 119 дана, сондай-ақ ТҚС, ЖТҚС күштік трансформаторларына 58 дана жөндеу жүргізілді.

«Абай аймағы» бойынша құрал-жабдықтардан май ағуына жол бермеу мақсатында аймақтың ҚС май толтырылған жабдықтарына 385 дана техникалық қызмет көрсету жүргізілді. ТҚС, ЖТҚС жабдықтарына 110 дана ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Қосалқы станциялар басқармасы бойынша жабдықтарға 376 дана көлемінде ағымдағы жөндеу, сондай-ақ трансформаторларға 14 дана көлемінде күрделі жөндеу және 110кВ ажыратқыштарды 12 дана көлемінде күрделі жөндеулер жүргізілді.

2018 жылға арналған инвестициялық бағдарлама шеңберінде келесі қосалқы станцияларда 10 дана элегазға май ажыратқыштарын ауыстыру бойынша жұмыстар орындалды: ҚС-«Георгиевка» - 2 дана, ҚС –

«Таврия» - 2 дана, ҚС – «Привольное» - 2 дана, ҚС «Үлкен Нарын» - 2 дана, ҚС «Көкпекті» - 2 дана.

«ШҚ АЭК» АҚ өндірістік экологиялық бақылауы Басқарма Төрағасымен 29.11.2013 жылы бекітілген 2014-2018 жж. арналған Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының негізінде жүргізіледі.

Кәсіпорынның бүкіл өндірістік алаңдарында түгендеу қорытындысы бойынша атмосфераға ластағыш заттардың шығарылуының 416 көзі бар, оның ішінде:

- 112 ұйымдастырылған шығарылу көздері;
- 304 ұйымдастырылмаған шығарылу көздері.

Ластағыш заттардың шығарылуы «23.12.2013 ж. № 0004059 қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беруге» сәйкес жүзеге асырылады. «Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат берудің» әрекет ету мерзімі 01.01.2014 жылдан 29.11.2018 жылға дейін және 12.11.2018 ж. № KZ84VDD00104111 қоршаған ортаға эмиссияға берілген жаңа рұқсатқа сәйкес 30.11.2018 жылдан 31.12.2027 жылға дейінгі әрекет ету мерзімімен.

Кәсіпорында сынамалар алу мен өлшемдерді жүргізу орны атмосферадағы ластану көздеріне қайтадан түгендеу жүргізген кезде 5 жылда бір рет қарастырылған.

«ШҚ АЭК» АҚ үлесінің сейілту есептеуіне сәйкес атмосфера ауасының ластануына жалпы қосатын үлесі көп емес, осыған байланысты атмосфераны ластайтын заттардың шығарылуларын төмендету бойынша іс-шараларды әзірлеу қажет емес. Қолайсыз метежағдайлар кезеңінде атмосфераны ластайтын заттардың шығарылуларын төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспары да ШРЕШ томымен қарастырылмаған.

«ШҚ АЭК» АҚ бойынша қоршаған ортаның өндірістік мониторингісі 2018 жылы «2014-2018 жж. кезеңге Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына» сәйкес толық көлемде орындалды. ӨЭБ жөніндегі есептер тоқсан сайын «ШҚО бойынша Экология департаменті» ММ ұсынылды.

Кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметі үдерісінде 2018 жылы ұйымдастырылған ластану көздерінен атмосфера ауасына ластайтын заттардың шығарылуларының мөлшерден тыс асуы байқалмаған. Атмосфера ауасына ластайтын заттардың нақты барлық шығарылулары 2018 жылға 25,052 т/ жылына құрады, оның ішінде: қатты – 4,833 т/жылына, газды және сұйық – 20,219 т/ жылына, бұл орнатылған жалпы лимиттен – 25,052 т/жылына аспайды.

Жыл көлемінде тоқсан сайын «Азиялық экология-аудиторлық компания» ЖШС 04.05.2018ж. № ДП-12468 шарты бойынша Кәсіпорынның санитарлық-қорғаныс аймағы шекарасында ластайтын заттардың шығарылуларына құралды өлшеулер жүргізілді. Сонымен қатар, Кәсіпорындағы санитарлық-қорғаныс аймағы шекарасындағы ластайтын заттардың шығарылулары жөніндегі нақты деңгейі бір реттік және орта тәуліктік мөлшерден көбеймегендігі анықталды.



Кәсіпорынның жер асты суын пайдалануының көлемі 50 м³/тәул. дейін құрайды, жер асты суы шаруашылық-асқа пайдалану және техникалық мақсаттарда қолданылады. ҚР Су кодексінің 66-бабына сәйкес суды 50 м³/тәул. дейін пайдаланған жағдайда арнайы рұқсат алудың қажеті жоқ.

2018 жылы жер асты суы Семей, Глубокое, Таврия, Күршім және Катон-Қарағай АЭЖ ұңғымаларынан алынды. Есептік жылда жүргізілген жер асты суының мониторингісі «Альянс-Экология» ЖШС 04.05.2018 ж. №ДП-12469 шартқа сәйкес зертханалық талдау бойынша алты ұңғымада өткізілді: (Семей АЭЖ (2ұңғ.), Глубокое АЭЖ, Таврия АЭЖ, Катон-Қарағай АЭЖ, Күршім АЭЖ), су сапасы «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсатына арналған су алу орындарға, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау және мәдени-тұрмыстық су пайдалану және су нысандарының қауіпсіз орындарға санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» СП №209 талаптарына сәйкес келетіндігін растады.

Өндіріс және тұтыну қалдықтары Кәсіпорынның өндірістік алаңшалары аймағында уақытша орналастыруды және сақтауды қажет етеді. Өндірістік қалдықтардың шектеулі көлемін анықтау жөніндегі есептеулер және қоршаған ортаның ластану деңгейінің қолданыстағы деңгейін бағалау талап етілмейді. Кәсіпорында өндірістік қалдықтарды қоймалауға арналған жинаушылар жоқ. Қалдықтармен жұмыс істеу жобасын әзірлеу керек емес.

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес Кәсіпорын 21 дана қалдықтар төлқұжаты әзірлеген, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 31.05.2007 ж. №169-п бұйрығымен бекітілген Қалдықтар сыныптаушысымен сәйкес таңбалау жүргізілген.

Өңделген құрамында сынабы бар шамдар Кәсіпорынның бөлімшелерімен Орталық қоймаға, одан әрі өңделген құрамында сынабы бар шамдар шарт бойынша демеркуризациялауға тапсырылады. 2018 жылы демеркуризациялауға (сынаптан арылуға) «Экоком Инновация» ЖШС-не құрамында сынабы бар шамдардың 839 данасы тапсырылды.

«Жойылуы қиын органикалық ластауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу

қағидаларының» талаптарына сәйкес май толтырылған жабдықтардағы майларда ПХД болуына зертханалық зерттеу жыл сайын жүргізіледі.

Техникалық құжаттамалардың негізінде ПХД бар жабдықтарды сәйкестендіруге тікелей тексерген кезде электр жабдықтарын түгендеудің бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша, ҚР ҚОҚ Министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы № 40-б бұйрығымен бекітілген «Жойылуы қиын органикалық ластауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу қағидалары» 4 Қосымшасының Тізіміне сәйкес «ШҚ АЭК» АҚ-да қазіргі уақытта Аягөз АЭЖ қолданыстағы 176 дана көлемінде ПХД бар конденсаторлары бар.

2018 жылы екінші кезең – ПХД бар болуына зертханалық зерттеулер жүргізу, соңғы есеп беру, жүргізілген зертханалық талдаулар хаттамалары негізінде құрамында ПХД бар жабдықтарды есепке алу тізілімін дайындау жұмыстары жалғастырылды.

«ШҚ АЭК» АҚ мемлекеттік өлшеу стандарттарының тізіліміне енгізілген әдістемелер бойынша жабдықта ПХД болуына хим талдауларды орындауға лицензиясы бар аккредиттелген зертхана «Өскемен Водоканал» МҚК-мен 10.05.2018 жылы №ДП-12475 шартын жасасты. Шарт бойынша май толтырылған жабдықтың 100 сынамасы алынды, Қосалқы станциялар басқармасы, Левобережный АЭЖ, Тарбағатай АЭЖ, Көкпекті АЭЖ және Глубокое АЭЖ басқару сынамаларында белгіленген нормативтік мәндер шегінде шағын рұқсат етілген концентрацияларда ПХД бар екендігі анықталды.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалануды, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша 2018 жылы өткізілетін ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар белгіленген нормаларға, ережелерге, нұсқаулықтар мен стандарттарға сәйкес келеді.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС

Серіктестікте қауіпті қалдықтардың 3 төлқұжаты бар: ҚТҚ, түсті металдар сынығы, құрамында сынабы бар шамдар. Қоршаған ортаны қорғау мақсатында Серіктестік жоғарыда аталған қауіпті қалдықтарды мамандандырылған ұйымдарға орналастыру мен тапсыруды жүзеге асырады.



Қызметкерлердің еңбегін ұйымдастыру жүйесі және компанияның әлеуметтік саясаты

Әлеуметтік тұрақтылық кадрлар құрамының тұрақтылығымен қамтамасыз етіледі. Тұрақтылық және қызметкерлердің біліктілік әлеуеті көбінесе кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығын айқындайды.

Адами капитал компанияның алдында тұрған стратегиялық міндеттерге тиімді қол жеткізетін маңызды ресурстар болып табылады.

Компанияның кадрлық саясатының мақсаты бірыңғай командалық күшке және адами ресурстар әлеуетін барынша іске асыру арқылы компанияның алдында тұрған міндеттерді сапалы және жедел шешудегі ерекшелікке және корпоративтік өзара әрекет ету механизмдерінің жарамдылығына ие жоғары кәсіби еңбек ұжымын қалыптастыру болып келеді.

Компанияның кадрлық саясаты елеулі тәсілдерді, жинақталған әдістерді және қызметкерлермен жұмыс істеу аясында үздік жаңашыл әлемдік тәжірибенің есебімен кадрлық менеджменттің құралдарын біріктіруге, сонымен қатар бірыңғай тәсілді қалыптастыруға және қызметкерлерді басқару аясында компания тобының корпоративтік құндылық жүйесін әзірлеуге арналған.

Компанияның кадрлық саясаты қызметкерлермен жұмыс істеу саласындағы ең үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып, қазіргі тәсілдерді, кадрлық менеджменттің жинақталған әдістері мен құралдарын біріктіруге арналған, осылайша, қызметкерлерді басқару саласындағы компаниялар тобының бірыңғай тәсілді қалыптастыруға және корпоративтік құндылықтар жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Компаниялар тобының әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мынадай іс-шараларды іске асыру көзделген:

- Еңбекақы деңгейін арттыру;
- Компания топтарының жұмысшыларына әлеуметтік қолдау көрсету;
- Қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету;
- Қызметкерлердің біліктілігін, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы біліктілігін арттыру.

«ШҚ АЭК» АҚ қызметкерлері

Атауы	2018 жылғы 1 қаңтарға дерек	2018 жылғы 31 желтоқсанға дерек
Қызметкерлердің штаттық саны	3 129	3 131
Қызметкерлердің тізімдік саны	3 050	2 966
Қызметкерлердің нақты саны	2 973	2 878
Қызметкерлердің орташа тізімдік саны	2 990	

Кәсіпорынның штаттық саны 3 131 бірлік санында бекітілді, соның ішінде әкімшілік-басқарушылық қызметкерлер – 113, өндірістік қызметкерлер – 3018.

2018 жылғы 1 қаңтарға кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны 3050 адамды құрады, іс жүзінде – 2973 адам. 2018 жылғы 31 желтоқсанға кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны 2966 адамды құрады, ӘБҚ тізімдік саны – 113 адам, ӨҚ – 2853. Қызметкерлердің нақты саны – 2878 адам, ӘБҚ – 99, ӨҚ – 2779.


2018 жылға орташа тізімдік сан – 2 990, оның ішінде ӘБҚ – 109, ӨҚ – 2881.

Кәсіпорын бойынша орташа еңбекақы 2017 жылы 112 007 теңгені, 2018 жылы – 118 359 теңгені құрады.

Кадрлардың тұрақтамауы 2017 жылы – 12,05 %, 2018 жылы – 16,10 % құрады.


Жасы	Саны, адам			% от общей списочной численности		
	барлығы	соның ішінде		барлығы	соның ішінде	
		ерлер	әйелдер		ерлер	әйелдер
24 жасқа дейін	248	213	35	8,4	7,2	1,2
25–29 жас	418	311	107	14,1	10,5	3,6
30–49 жас	1 404	1 040	364	47,3	35,0	12,3
50 жас және одан жоғары	896	730	166	30,2	24,6	5,6
Барлығы:	2 966	2 294	672	100	77,3	22,7

Қызметкерлердің жасы бойынша арақатынасы




- 30 жасқа дейін
- 30 жастан 50 жасқа дейін
- 50 жастан жоғары

Қызметкерлердің жынысы бойынша арақатынасы




- әйелдер
- ерлер

Қызметкерлердің санаттары бойынша арақатынасы




- ӘБҚ
- өндірістік қызметкерлер

Қызметкерлердің құрылымы бойынша арақатынасы



■ Абай аймағы
■ Алтай аймағы
■ Басқармалар

Қызметкерлердің санаттары бойынша арақатынасы



■ басшылар
■ мамандар
■ қызметшілер
■ жұмысшылар

«Шығысэнерготрейд» ЖШС-нің қызметкерлері


2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік саны) 258 адамды құрады, оның ішінде 2018 жылы 105 қызметкер қабылданды, жұмыстан шығып кеткендер саны - 111 адам, өз бастамасы бойынша 76 адам.

Осылайша, кадрлардың тұрақтамауы 25% пайызды құрады.


Атауы	Өлшеу бірлігі	Факт
Қызметкерлердің штаттық саны	штаттық бірлік	243
Қызметкерлердің тізімдік саны	адам	258
Жұмысбастылық түрі: жұмыспен толық қамтылу	%	98
Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын Серіктестіктің (топ-менеджмент) жоғарғы басшылығының үлесі	%	100
Қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік саны)	адам	258
Жалданған қызметкерлердің жалпы саны	адам	105
Ерлер < 30 жас	адам	12
Әйелдер < 30 жас	адам	41
Ерлер 30-50 жас	адам	12
Әйелдер 30-50 жас	адам	32
Ерлер > 50 жас	адам	1
Әйелдер > 50 жас	адам	7
Ұйымнан кеткен қызметкерлердің жалпы саны	адам	111
Ерлер < 30 жас	адам	10
Әйелдер < 30 жас	адам	27
Ерлер 30-50 жас	адам	16
Әйелдер 30-50 жас	адам	45
Ерлер > 50 жас	адам	2
Әйелдер > 50 жас	адам	11

Төменде қызметкерлердің құрамы бойынша жынысына, жасына, санатына қатысты ақпарат берілген:


Қызметкерлердің жасы бойынша арақатынасы




Қызметкерлердің жынысы бойынша арақатынасы



Қызметкерлердің санаттары бойынша арақатынасы



Қызметкерлердің аймақтар бойынша арақатынасы



Қызметкерлерді ынталандыру және сыйақы беру

2018 жылы «ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС бірқатар қызметкерлері еңбек міндеттерін үлгілі орындағандары, ұзақ және мінсіз, адал еңбектері мен республиканың энергетикалық саласын дамытуға жеке үлес қосқандары үшін салалық марапаттармен атап өтілді:

«ШҚ АЭК» АҚ бойынша

Марапаттардың атауы	Қызметкерлердің саны
ТМД құрметті энергетигі	1
ТМД құрмет грамотасы	1
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі «Еңбек сіңірген энергетик» атағы	1
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі «Құрметті энергетик» атағы	1
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Құрмет грамотасы	1
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Алғыс хат	2
ҚЭҚ еңбек сіңірген энергетигі	3
ҚЭҚ құрметті энергетигі	6
ҚЭҚ құрмет грамотасы	6
«MINSIZ QIZMETI ÚSHIN» төсбелгісі	12
«100-JYL SEMEI ELEKTR JELISI» медалі, «Семей электр желілеріне 100 жыл»	138
Басқарма Төрағасының құрмет грамотасы	38
Басқарма Төрағасының алғыс хаты	66

«Шығысэнерготрейд» ЖШС бойынша

Марапаттардың атауы	Қызметкерлер саны
«MINSIZ QYZMETI ÚSHIN» төсбелгісі	3
«Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компани» құрмет грамотасы	2
«100-JYL SEMEI ELEKTR JELISI», «Семей электр желілеріне 100 жыл» медалі	8
Компанияның 14 жылдығына арналған «Шығысэнерготрейд» ЖШС құрмет грамотасы	18
Конституция күніне «Шығысэнерготрейд» ЖШС құрмет грамотасы	18
Энергетик күніне «Шығысэнерготрейд» ЖШС Құрмет грамотасы және Алғыс хаты	30

Осы жылы алғаш рет «Мінсіз қызметі үшін» жоғары корпоративтік медалі тағайындалды, оған «ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС 15 қызметкері марапатталды. Медаль Электр энергетикасы саласына елеулі үлес қосқан қызметкерлерге беріледі. «Мінсіз қызметі үшін» корпоративтік медалінің иегерлері компанияның атынан LG компаниясының жаңа буынды теледидарларымен және ақшалай сыйақыларымен марапатталды. 2018 жылдан бастап Компания басшылығының шешімі бойынша мұндай марапат-тар жыл сайын өткізілетін болады.

Семей аудандық электр желілерінің 100 жылдығына орай компания басшылығымен «100 жыл Семей электр желісі» мерейтойлық медалі құрылды. Марапат Семей аудандық электр желілерін дамытуға елеулі үлес қосқандарға компаниядағы көпжылдық еңбегі үшін табыс етілді. Энергетиктер күні мен Семей аудандық электр желілерінің 100 жылдығына арналған мерекелік іс-шара барысында өңірдің Электржелілік кешенінің

үздік қызметкерлерін марапаттап, сала ардагерлеріне құрмет көрсетті. Энергетика күніне табанды қайырымдылық іс-шаралар біріктірілді – жетім балаларға арналған бірнеше ме-кемелер және егде жастағы адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемесі, мүмкіндігі шектеулі балалар естелік сыйлықтар алды.

Жыл сайын Өскемен қаласында «ШҚО энергетиктерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ энергетикалық кәсіпорындар қызметкерлері арасында спартакиада өткізеді. Ең мықтыларды волейбол, шағын футбол, үстел теннисі, баскетбол, шахмат, жүзу, бильярд сияқты спорт түрлерінен анықтайды. Қазан айының соңында энергетиктер арасында үстел теннисі мен бильярд бойынша жарыстар өтті. Оған «ШҚ АЭК» АҚ, Өскемен ЖЭО, Со-гра ЖЭО, Өскемен СЭС, Өскемен ЖЖ командалары қатысты. Ауыр күресте «ШҚ АЭК» АҚ құрамасы үстел теннисі бойынша екінші орынды және бильярд бойынша үшінші орынды иеленді.

Жастар орталығының жұмысы

Жыл басынан бастап акционерлер өзінің қатысу аумағындағы әлеуметтік-экономикалық дамуға үлес ретінде маңызды стратегиялық бағыттардың біріне үлкен көңіл бөледі. Жыл соңына дейін 100 іс-шара өткізуді жоспарлап отыр-мыз - #100мейрімдііс. Компанияның басты құндылығы – адам капиталы. Сондықтан басшылық өз қызметкерлерінің, әсіресе жастардың бастамаларын қолдауға бағытталған. Ұрпақтар сабақтастығының дәстүрлерін сақтай және көбейте отырып, жас қызметкерлер үшін кадрлық резервті даярлаудың тиімді жүйесі құрылды және жұмыс істейді.

«ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС Жастар орталығы Компания басшылығының қолдауымен «100 мейрімді іс» қайырымдылық бағдарламасын іске қосты! Осы бағдарлама аясында әлеуметтік маңызы бар жобаларды қолдауға және іске асыруға, жастар арасындағы белсенділікті, шығармашылық пен бастаманы дамытуға, қоғамдық қызметке тартуға бағытталған іс-шаралар жоспарланған.

Жастар орталығының бұл бастамасы-игі істердің басы ғана. Өз үлгісімен қоғамды, атап айтқанда жастарды тазалық пен тәртіпке, салауатты өмір салтына, өз ауласына, қаласына ұқыпты қарауға, жақындарына деген сүйіспеншілікке, аға ұрпақ пен балаларға мейірімділік пен қайырымдылыққа шақыруға ниеттеніп отыр. «ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС Жастар орталығының бастамасымен «100 мейрімді іс» қайырымдылық бағдарламасы аясында қала аулаларын тазалау бой-ынша халыққа көмек көрсету ұйымдастырылды.



Даярлау және біліктілікті арттыру

«ШҚ АЭК» АҚ

Бүгінде «ШҚ АЭК» АҚ – бұл заманауи жабдықтар мен жаңа технологиялар ғана емес. Бірінші кезекте бұл кәсіпорынның ұйымшыл ұжымын құрайтын 3000-нан астам маман. Кадр саясатының негізгі бағыттарының бірі әрбір қызметкердің кәсіби өсуін ынталандыру және біліктілігін арттыру болып табылады. Компания корпоративтік басқару қағидаттарын сақтаудың жоғары деңгейін табысты көрсетіп отыр. «ШҚ АЭК» АҚ басшылығы үшін басты басым міндеттердің бірі техникалық кадрларды даярлау болып табылады және қалады.

Семей АЭЖ энергетик-мамандарды оқыту үшін жаттығу кешені бар жаңа оқу сыныбымен жабдықталды. Оқу сыныбы техникалық қызметкерлерді даярлау және қайта даярлауға арналған. Мамандандырылған кабинет заманауи техникалық құралдармен жабдықталған. Мұндай оқу сыныбының қажеттілігі өз кәсіби дағдыларын жетілдіру үшін энергетиктерді оқыту сапасын арттыру жөніндегі талаптардың артуынан туындады. Мамандандырылған сыныпта сапалы оқу процесін жүзеге асыру үшін қолданыстағы жабдықтар, көрнекі құралдар, плакаттар, аппараттар, алғашқы көмек көрсетуге арналған тренажер, компьютерлер ұсынылған. Бұдан басқа АЭЖ 1,5 га көлемінде оқу-жаттығу полигоны бар. Жас кадрларды тәрбиелеудегі мұндай тәсіл қызметкерлерге өздерінің кәсіби деңгейін диспетчерлер, шеберлер, бас инженерлер, АЭЖ бастықтары мен кәсіпорын қызметтері деңгейіне дейін арттыруға мүмкіндік береді. Айта кетейік, 2018 жылы «ШҚ АЭК» АҚ командасы Астана қаласында кәсіби шеберлік бойынша республикалық жарыстарда кәсіпорынның абыройын қорғап, 4 орынға ие болды, Қазақстан Республикасының энергетикалық кәсіпорындары арасында Семей АЭЖ командасы «ҚР үздік шебері» номинациясына ие болды.

Кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру 2018 жылы кадрларды даярлау және қайта даярлау жоспарына сәйкес жүргізілді. Даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруға арналған шығыстар 35 249 823 мың теңгені құрады, оның ішінде АБҚ – 5 994 618 мың теңге, ӨҚ - 29 255 205 мың теңге.

Қызметкерлерді оқыту келесі бағыттар бойынша өткізілді:

- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында оқыту;
- инженерлік-техникалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оқыту;
- әкімшілік-басқару қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;
- жұмыс қызметкерлерін техникалық оқыту және аттестаттау.

2018 жылы 1043 адам компания қаражаты есебінен жалпы сомасы 39 295 706 мың теңгеге оқудан және біліктілігін арттырудан өтті.

Оның ішінде 593 адам: «Өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы», «Қауіпті өндірістік факторлармен байланысты өндірістегі жазатайым оқиғалар», «ЖКМ қолданумен жұмыс жүргізу кезіндегі белгі беру», «ЖКМ және қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды қолдану арқылы жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы» бағдарламалары бойынша техникалық оқудан өтті. Техникалық оқытуды ЕҚ,ҚТ және экология қызметінің қызметкерлері өткізді.

435 адам сыртқы оқудан және біліктілігін арттырудан өтті, мысалы, АҚ және ТЖ саласында басшылық құрамның біліктілігін арттыру курстары өткізілді-11 адам.

Сондай-ақ компания оқу ұйымдарымен өзара іс-қимыл

жасайды. 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында өндірістік практикаға облыстың 5 ЖОО мен 10 колледжден 251 студент қабылданды.

Олар: «Өскемен политехникалық колледжі» КММ, «Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ» ШЖҚ РМК, «Өскемен көпсалалы технологиялық колледжі» КММ, «Катонқарағай аграрлық-техникалық колледжі» КММ, Семей қаласының «Электротехникалық колледжі» КМҚК, «Р. Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі» РМҚК, «Радиотехника және байланыс колледжі» КМҚК, «Өскемен экономика және қаржы колледжі» ЖШС, «В.И. Ленин атындағы Иваново мемлекеттік энергетикалық университеті» ЖБМ, «Алматы энергетика және байланыс университеті» КеАҚ, «Риддер көпсалалы колледжі» КММ, «Қарағанды политехникалық колледжі» ОҰ, «Омбы мемлекеттік техникалық университеті» ФМБОУ, «И.И. Ползунов атындағы Алтай мемлекеттік техникалық университеті», «Өскемен құрылыс колледжі» КММ, «Қазақ гуманитарлық-заң инновациялық университеті» ОҰ.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС

Қойылған міндеттерді шешу және жоспарланған жобаларды іске асыру үшін жоғары білікті кадрлар қажет. Қызметкерлерді дамыту қызметкерлерді басқару бойынша «Шығысэнерготрейд» ЖШС қызметінің маңызды бағыттарының бірі және жалпы табысты қызмет факторы болып табылады.

Қызметкерлер біліктілігінің қажетті деңгейін қалыптастыру және қолдау үшін Серіктестікте қызметкерді кәсіби дамытудың тиімді жүйесі құрылған және жұмыс істейді, ол сыртқы және ішкі оқытуды қамтиды және серіктестіктің стратегиялық даму талаптары мен перспективаларын ескере отырып, қызметкерлердің семинарларға, тренингтерге, конференцияларға қатысуын көздейді.

Серіктестік өз қызметкерлерінің кәсіби дағдыларын дамытуға және біліктілігін арттыруға мүдделі және қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту бағдарламаларына сәйкес өз білімін және кәсіби дамуына ұмтылысын лайықты бағалай отырып, барлық деңгейдегі қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін тең жағдай жасайды.

2018 жылы «Шығысэнерготрейд» ЖШС нақты шығындарын 2018 жылға арналған тарифте бекітілген шығындармен сәйкес келтіруге байланысты (03.01.2018ж. №05-09/1 дәлелді қорытынды) оқыту тоқтатылды, бірақ міндетті оқыту жүргізілді.

2018 жылдың қорытындысы бойынша жалпы сомасы 190 мың теңгеге 8 адам сырттай оқудан өтті:

- өндірістік қызметкерлер - 3 адам;
- әкімшілік-басқару қызметкерлері – 5 адам.
- Ішкі оқыту (оқытуды бейінді құрылымдық бөлімшелер жүргізеді: заң бөлімі 20 адам (құқықтық оқыту));
- байланыс орталығы 14 адам (нормативтік-құқықтық, сондай-ақ ішкі актілер бойынша);
- қызметкерлермен жұмыс істеу бөлімі - 20 адам (ішкі коммуникациялар, командада жұмыс істеу әдіснамасы және командалық рухты арттыру);

Тұрақты негізде өткізу департаментінің қызметкерлері жаңа қызметкерлермен қатар кәсіпорында жұмыс істейтін қызметкерлермен де оқыту жүргізеді.

Корпоративтік басқару жүйесі

Басқару құрылымы



«ШҚ АЭК» АҚ қызметін жүзеге асыру барысында өз активтерінің бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығын сақтау мақсатында корпоративтік басқарудың халықаралық практикасының жоғары стандарттарына бағдарланған. Компанияның корпоративтік басқаруы басқару органдарының, акционерлердің, мүдделі тараптардың мүдделерін көрсетеді. Корпоративтік басқару жүйесі-кәсіпорынның қызметін басқаруды және бақылауды, сондай-ақ «ШҚ АЭК» АҚ және «Шығысэнерготрейд» ЖШС басқару органдары арасындағы қатынастар жүйесін қамтамасыз ететін үдерістер жиынтығы. Органдарының өкілеттіктері және шешімдерді қабылдау тәртібі анық белгіленіп, компанияның Жарғыларында бекітілген.

Корпоративтік басқару жүйесі мыналарды қамтиды, соның ішінде:

- Мәселелерді қарау және шешім қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтау;

- Органдар, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді нақты ажырату;

- Басқару органдарының уақтылы және сапалы шешім қабылдауы;

- Компаниялардың АҚ қызметіндегі үдерістердің тиімділігі;


- Компаниялар заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттарының сәйкестігі.

Компаниялар тобында органдар мен құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, сондай-ақ тиісті лауазымдарға арналған лауазымдық нұсқаулықтар бекітілген. Осы құжаттардың ережелерін сақтау корпоративтік басқару үдерістерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.



«ШҚ АЭК» АҚ корпоративтік басқару құрылымы

1. Жоғары орган – Жалғыз акционер – «Шығыс Қазақстан энергетикалық компания» ЖШС.
2. Басқару органы – Директорлар кеңесі.
3. Атқарушы орган – «ШҚ АЭК» АҚ басқармасы.
4. Ішкі аудит қызметі.
5. Қауіпсіздік басқармасы.



Директорлар кеңесінің құрамы

«ШҚ АЭК» АҚ 2017 жылғы 20 желтоқсандағы шешімімен (шешім №1-12-2017) «ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа құрамы тағайындалды:

1. **Нуртлеуов Шалкар Абугалиевич** – Кеңес төрағасы;
2. **Делов Евгений Иванович** – Директорлар кеңесінің мүшесі;
3. **Избастин Мухамед Темиртаевич** – Тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Директорлар кеңесінің отырысы жыл бойы Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің, «ШҚ АЭК» АҚ Басқарма Төрағасының ұсыныстары негізінде өткізілді. 2018 жылы 15 күндізгі отырыс өткізілді.

Қоғам Басқармасы

Басқарма Қоғамның күнделікті қызметін басқаратын «ШҚ АЭК» АҚ-тың алқалы атқарушы органы болып табылады. Қоғам Басқармасы Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Қоғам Басқармасы өз қызметі барысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғам Жарғысын, Басқарма туралы ережені және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

Қоғам Басқармасы Қоғамның Жалғыз акционерінің және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.

Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның мәжілістерін шақыру және өткізу тәртібі, шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен, Басқарма туралы Қағидасымен анықталады.

Қоғам Басқармасының Төрағасы Қоғамның бірінші басшысы болып, Қоғамның қызметін басқаруды жүзеге асырады, сондай-ақ Қоғамның Жарғысымен бекітілген қызметтерді орындайды. Басқарма мүшелері Қоғамның қызметкерлері болып табылады, Қоғам Басқармасының мүшесі оған жүктелген міндеттерді орындау үшін жеткілікті кәсіби біліктілікке ие болуы керек. Басқарма жанындағы комитеттер жоқ.

«ШҚ АЭК» АҚ Басқарма құрамы

«ШҚ АЭК» АҚ Басқарма Төрағасы **Киркинбаев Ерлан Амантаевич**.

Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары **Ивченко Елена Дмитриевна** 05.02.2018 жылдан бастап 29.05.2019 жыл бойынша.

Басқарма Төрағасының даму жөніндегі орынбасары **Маканов Ерлан Тлегенович** 25.12.2017 жылдан бастап.

Басқарма Төрағасының пайдалану жөніндегі орынбасары **Тугеленов Нурлыбек Ергазиевич** 05.04.2018 жылдан бастап 31.01.2019 жыл бойынша.

Басқарманың 2018 жылғы қызметі туралы есеп

2018 жылы Басқарма 46 күндізгі отырыс өткізді, онда «ШҚ АЭК» АҚ қызметіне қатысты мәселелер қаралды.


Басқарманың маңызды шешімдеріне шолу:

1. ІНҚ өзектендірудің бірінші кезеңі бойынша жоспар-кестені бекіту туралы.
2. «ШҚ АЭК» АҚ үшін электр энергиясын сатып алу құрылымын бекіту туралы.
3. 2019 жылға арналған Инвестициялық бағдарламаның жобасын бекіту.
4. 2019-2023жж. Инвестициялық бағдарламаның жобасын бекіту туралы.
5. 2018 жылға арналған «ШҚ АЭК» АҚ тарифтік сметасын түзетуді қарау және мақұлдау туралы.
6. «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компания» АҚ 2019 жылға арналған бюджет жобасын қарау туралы.
7. Сатып алу жоспарын өзгерту туралы сұрақтар.
8. Штаттық кестенің өзгеруі туралы.

Қоғам Басқармасының жұмысы акционерлердің мүдделерін барынша сақтауға, сондай-ақ Қоғам міндеттерін орындауға және оның стратегиясын іске асыруға бағытталған.

Қоғам Басқармасы мүшелерінің қызметін бағалау Қоғамның қаржы – шаруашылық қызметінің тиімділігін және Қоғам Басқармасы мүшелерінің оның қызметінің жоғары нәтижелері деңгейіне қол жеткізу дәрежесін сипаттайтын қызметтің уәждемелік негізгі көрсеткіштері (бұдан әрі-КНҚ) негізінде жүзеге асырылады.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС корпоративтік басқару жүйесі



Серіктестіктің Жарғысына сәйкес Серіктестіктің Органдар жүйесіне мыналар енеді:

- **Серіктестіктің қатысушысы** - Серіктестіктің жоғарғы органы – «ШҚ АЭК» АҚ Директорлар кеңесі – Серіктестіктің стратегиялық басқаруын жүзеге асыратын басқару органы;

- **Бас директор** - Серіктестіктің ағымдағы қызметін басқаратын жеке дара атқарушы орган.

Бас директор – Жеке дара атқарушы орган: **Байтурбаев Кайрат Түлегенович**.

Құзыреттілік аймағы: Серіктестіктің жалпы басшылығы. Серіктестіктің жұмысын жедел басқарады, Серіктестіктің әртүрлі бағыттарындағы функционалдық және құрылымдық бөлімшелердің жұмысын ұйымдастырады, үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Серіктестікті жоғары деңгейде ұсынады.

Бас директордың қызметіне баға беру мотивациялық негізгі көрсеткіштердің негізінде жүзеге асырылады.

Бас директордың қызметіне қолдау көрсету мақсатында, Серіктестікте консультативтік-кеңестік органдар құрылған, өздерінің функционалдық міндеттерінің шеңберінде нақты сұрақтар бойынша мәселелерді қарау және ұсыныстар әзірлеу олардың міндеттеріне кіреді. Консультативтік – кеңестік органдар Серіктестіктің Бас директорына есеп береді және осы органдар туралы қағидаларына сәйкес оларға берілген құзырет шеңберінде әрекет етеді.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Серіктестіктің 2 тұрақты әрекет ететін консультативтік-кеңестік органдары жұмыс істейді:

Бюджет комитеті	Құрылған күні	2013 жылдың 31 қаңтарында құрылды. 02.02.2018 жылғы №6 бұйрығының негізінде әрекет етеді
	Құрылған мақсаты	Бюджетті және Серіктестіктің Сатып алу жоспарын қалыптастыру және қаржы ресурстарын ұтымды бөлу және пайдалануды бақылау мәселелері бойынша шешімдердің алқалық негізде қабылдануы.
	Реттемелеуші құжат	«Шығысэнерготрейд» ЖШС Бюджет комитеті туралы қағидасы ред. 3 (31.03.2016 жылы бекітілді)
Дебиторлармен және кредиторлармен жұмыс істеу жөніндегі комитет	Құрылған күні	15.08.2013 жылы құрылды. 19.10.2016 жылғы №74 бұйрығының негізінде әрекет етеді
	Құрылған мақсаты	Дебиторлық берешекті басқару, дебиторлық және кредиторлық берешекті өтеу бойынша бірыңғай саясатты жүргізу
	Реттемелеуші құжат	Дебиторлармен және кредиторлармен жұмыс істеу жөніндегі комитеті туралы қағидасы 10.10.2014 жылы бекітілді

Бақылау кеңесінің қызметі туралы есеп

Бақылау кеңесінің әрекет ету кезеңінде келесі мәселелер қаралды:

1. Серіктестіктің бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасарын тағайындау туралы (2018 жылғы 4 сәуірдегі №1 «Шығысэнерготрейд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Бақылау кеңесі отырысының хаттамасы).

2. «Омбудсмен туралы» серіктестіктің ережесін тарату туралы.

3. Серіктестіктің жылдық сатып алу жоспарын бекіту туралы («Шығысэнерготрейд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Бақылау кеңесі отырысының 2018 жылғы 18 мамырдағы №2 хаттамасы).

«Шығысэнерготрейд» ЖШС Бақылау кеңесінің қызметі 04.07.2018ж. Жарғының бекітілген жаңа редакциясында БК позициясын алып тастауға байланысты тоқтатылды.




ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ



Нарыққа шолу және ондағы жағдай

Қазақстанның электр энергиясы нарығының қолданыстағы моделі



«ШҚ АЭК» АҚ

Қазақстан Республикасының электр желілері қосалқы станциялардың, тарату құрылғыларының және электр энергиясын беру және (немесе) тарату үшін арналған 0,4 – 1150 кВ кернеулі электр беру желілерін біріктірудің жиынтығы болып келеді. Аймақтық деңгейдегі электр желілері аймақтар ішіндегі электр байланысын, сондай-ақ бөлшек сауда тұтынушыларына электр энергиясын беруді қамтамасыз етеді. Аймақтық деңгейдегі электр желілері аймақтық электр желілері (АЭЖ) компаниясының теңгерімінде және пайдалануында.

Энергия беруші ұйымдар (ЭБҰ) электр энергияның берілуін тұтынушыларға көтерме және бөлшек сауда нарығының немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың жеке немесе пайдаланған (жалдау, лизинг, сенімгерлік басқару және пайдаланудың өзге түрлері) электр желілері арқылы шарттар негізінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының электр энергиясы нарығын электрмен жабдықтау секторы энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан (ЭЖҰ) тұрады, олар энергия өндіруші ұйымдардан немесе орталықтандырылған сауда-саттықта электр энергиясын сатып алуды және оны кейіннен түпкілікті бөлшек сауда тұтынушыларына сатуды жүзеге асырады. ЭЖҰ бөлігі «кепілдік беруші өнім берушілер» функцияларын орындайды.

«ШҚ АЭК» АҚ электр энергияны төмендегі электрмен жабдықтау ұйымдарына береді:

- э/з кепілдік жеткізушісі - «Шығысэнерготрейд» ЖШС (459 167 тұтынушы, оның ішінде 36 952 – заңды тұлғалар);
- 29 басқа ЭЖҰ және тікелей тұтынушылар.

«ШҚ АЭК» АҚ қызметтерін ең ірі пайдаланушылары «Шығысэнерготрейд» ЖШС, сондай-ақ «ӨТМК» АҚ және «Үзен» ЖШС болып келеді. «Шығысэнерготрейд» ЖШС

электр энергияның көтерме нарығындағы үлесі облыстық тұтынушылардан 34%, ал бөлшектік нарықта 90% құрайды. «ӨТМК» АҚ-ның «ШҚ АЭК» АҚ желілері бойынша тұтынушы желілер режимінен және энергия көздерін сатып алуға байланысты. «AB Energo» ЖШС, «Үзен» ЖШС және басқа ЭЖҰ тұтынушылары өзгермейді және бір ЭЖҰ-нан басқа ЭЖҰ-ға ауыса беретін тұтынушылар санына байланысты болып келеді.

Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан облысының электр жүктемелерін меншікті көздерден жабуы болып табылатындар:

- «Риддер ЖЭО» АҚ (Лениногор ЖЭО);
- Бұқтырма ГЭК «Казцинк» АҚ;
- «Жылукоммунаэнерго» МҚК (Семей қ. ЖЭО);
- Лениногор каскады СЭС;
- «AES Согра ЖЭО» ЖШС;
- «AES Өскемен СЭС» ЖШС;
- «AES Өскемен ЖЭО» ЖШС;
- «AES Шүлбі СЭС» ЖШС.

ШҚО электр энергиясының нарығында бірнеше электр беруші ұйымдар өз қызметтерін жүзеге асырады - «КЕГОК» АҚ, «Казцинк» ЖШС, «Энергис» ЖШС, «Востокмазут» ЖШС, «Востокогнеупор» ЖШС, «Электрмен жабдықтаудың Семей дистанциясы» ҚТЖ ҰК» АҚ және басқалар.

«КЕГОК» АҚ ұлттық электр компаниясы болып келеді және сәйкесінше, ұлттық электр желілері бойынша электр энергияның берілуін орындайды. ШҚО қалған электр беруші ұйымдары соның теңгерімінде тұрған электр желілері бойынша электр энергияның берілуін жүзеге асырады.


«ШҚ АЭК» АҚ технологиялық шығындарды өтеу үшін және «АЭС Өскемен СЭС», «АЭС Шүлбі СЭС» ЖШС, «Өскемен ЖЭО» ЖШС және «Согра ЖЭО» ЖШС шиналарынан шаруашылық қажеттіліктеріне электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.

Төменде «ШҚ АЭК» АҚ үшін электр энергиясын сатып алу құрылымы бойынша 2018 жылы Зайсан СЭС өндіруін есепке ала отырып, электр станциялары бөлінісінде кесте келтірілген.

станциялар	ӨК СЭС	ШСЭС	ӨК ЖЭО	СограЖЭО	ЗСЭС	2018 жыл
мың.кВт*сағ	158 746	59 926	151 031	85 264	2 012	456 979

«ШҚ АЭК» АҚ қызметтерін қолданушы 10 ірі тұтынушылардың тізімі (электр энергияны беру және бөлу)

№	Тұтынушылар атауы	2014 ж. (12 ай)		2015 ж. (12 ай)		2016 ж. (12 ай)		2017 ж. (12 ай)		2018 ж. (12 ай)	
		мың кВт*сағ	мың теңге	мың кВт*сағ	мың теңге	мың кВт*сағ	мың теңге	мың кВт*сағ	мың теңге	мың кВт*сағ	мың теңге
1	«ӨТМК» АҚ	192 249	609 428	304 166	991 580	291 169	1 094 795	304 625	1 167 217	473 466	2 063 589
2	«Теміржолэнерго» ЖШС	78 005	247 275	62 120	202 510	47 353	178 047	46 782	179 146	42565	183 250
3	«Алтай Энерджи» ЖШС	73 658	233 494	67 039	218 548	34 399	129 339	7 165	27 371	-	-
4	«ABEnerg» ЖШС	28 355	89 886	31 452	102 534	30 331	114 045	36 504	139 835	197 683	859 112
5	«ВостокЭнерго-Трейд» ЖШС	26 550	84 162	22 629	73 770	18 736	70 449	17 506	67 091	18 775	81 301
6	«Үзен» ЖШС	175 323	555 775	125 458	408 993	109 878	413 140	102 923	394 263	108 024	465 487
7	«Алтайэнерго Трейд» ЖШС	30 874	97 871	17 473	56 960	3 992	15 009	2 055	7 874	3 147	13 534
8	«Энергетикалық кешен Т» ЖШС	11 570	36 676	10 105	32 942	10 529	39 589	113 049	433 881	23 714	102 465
9	«Снабпромспец-тех Компани» ЖШС	7 690	24 379	4 549	14 831	5 240	19 703	14 467	55 405	17 496	75 280
10	«Шығысэнерго трейд» ЖШС	2 658 278	8 426 740	2 639 102	8 603 472	2 663 156	10 013 466	2 600 558	9 961 221	2 605 920	11 250 419



01.01.19 ж. «ШҚ АЭК» АҚ желісі бойынша деректер


№ п/п	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Қосылған тұтынушылар саны	тұтынушылар	459 167
2	Электр берілісі желісінің жалпы ұзақтығы, оның ішінде:	км	34 479
	ӘЖ-220 кВ	км	162
	ӘЖ-110 кВ	км	4 779
	ӘЖ-35 кВ	км	4 233
	ӘЖ-10 кВ	км	12 052
	ӘЖ-6 кВ	км	872
	ӘЖ-0,4 кВ	км	10 645
	КЖ-6-10 кВ	км	1 034
	КЖ-0,4 кВ	км	702
3	ТҚС, ЖТҚС, ТП, ОТП	дн	6 568
4	ҚС 35 кВ және жоғары, оның ішінде:	дн	313
	ҚС-220 кВ	дн	4
	ҚС-110 кВ	дн	116
	ҚС-35 кВ	дн	193
5	Күштік трансформаторлар саны,	дн	7 405
	35 кВ және жоғары кернеумен күштік трансформаторлар саны	дн	476
	0,4/6/10 кВ кернеумен күштік трансформаторлар саны	дн	6929
6	Күштік трансформаторлардың жалпы қуаты, оның ішінде:	МВА	5 411
	35 кВ және жоғары күштік трансформаторлардың қуаты	МВА	3 499
	0,4/6/10 кВ және жоғары күштік трансформаторлардың қуаты	МВА	1 912
7	Алдыңғы күнтізбелік жылдың ішінде тіркелген, электр желісіндегі ең жоғары жүктеме	МВт	765
8	Алдыңғы күнтізбелік жылға электр энергиясын беру көлемі	мың кВт*сағ	3 711 285
9	Алдыңғы күнтізбелік жылға электр желісіндегі электр энергиясының нақты шығындары	мың кВт*сағ	441 886

Ескерту: 2018 жылға электр энергиясын беру көлемі, соның ішінде жаңартылған энергия көздерімен


Қызметтің өндірістік көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	Өлш.бірлігі	Бюджет	Нақты	Ауытқу %
Желіге кіру көлемі	мың кВт*сағ	3 891 891	4 168 264	7,10
Э/энергиясын тасымалдау көлемі (шаруашылық қажеттілігімен)	мың кВт*сағ	3 457 948	3 726 378	7,76
э/э сатып алу көлемі	мың кВт*сағ	449 211	456 979	1,73
Э/э ысыраптары	мың кВт*сағ	433 943	441 886	1,83
	%	11,15	10,60	-0,55
Нормативтен тыс ысыраптар	мың кВт*сағ	0	0	0

Ысыраптарды төмендету динамикасы




2018 жылға электр энергиясы ысыраптарының құрылымы



Бөлімше	Өлш.бірлігі мың.кВт*сағ
1-ші деңгей ысыраптары (ЭБЖ 35-110кВ)	181 290
Алтай аймағы	159 322
Абай аймағы	101 274
Барлығы:	441 886

2013 - 2018 жылдар аралығында «ШҚ АЭК» АҚ электр энергиясын беру көлемінің динамикасы



2018 жылғы 12 айға «ШҚ АЭК» АҚ бойынша апатты ажыратулар талдауы
 2017 – 2018 жж. «ШҚ АЭК» АҚ істен шығулары және апаттары

Технологиялық бұзушылықтар	Саны		2018 ж. / 2017 ж.		Толық босатылмаған, кВт*сағ		Айырмашылық 2018 ж. / 2017 ж.	
	2017	2018	саны	%	2017	2018	саны	%
Авариялар	0	0	0	0	0	0	0	0
I-ші деңгейдегі істен шығу	0	0	0	0	0	0	0	0
II-ші деңгейдегі істен шығу	319	400	81	25,4	500 391,0	623 401,7	123 010,7	24,6
Барлығы:	319	400	81	25,4	500 391,0	623 401,7	123 010,7	24,6

Жыл	ӘЖ-220кВ	ӘЖ-110кВ	ӘЖ-35кВ	ӘЖ 6-10кВ	ҚС жабдықтары	Барлығы	0,4 кВ	Барлығы
2016	1	64	208	1232	157	1 662	994	2 656
2017	3	67	123	834	112	1 139	838	1 977
2018	2	57	151	950	109	1 269	775	2044
Электр энергияның толық жіберілмеуі, 2016 ж. кВт*с	0	180 298,9	158 937,7	982 989,6	251 883,50	1 574 109,7	0	1 574 109,7
Электр энергияның толық жіберілмеуі, 2017 ж. кВт*с	0	128 244,2	146 650	624 100	204 524,90	1 103 519,2	109 425,4	1 212 944,6
Электр энергияның толық жіберілмеуі, 2018 ж. кВт*с	0	251 761,7	241 624,4	709 760,2	104 825,2	1 307 971,6	88 995,5	1 396 967,1

Электр желісіндегі апаттылықты жою бойынша іс-шаралар:

1. Жиі ажыратылатын ӘЖ бойынша себебін анықтау, апатты ажыратулар талдауы (1 жыл ішінде 5 реттен көбірек), себебін жою бойынша шараларды орындау
2. Құрылыстар, ғимараттар, ҚС, ЭБЖ, ТҚС, ЖТҚС негізгі және қосалқы жабдықтарын жөндеуді толық көлемде орындау.
3. Арнайы техникаларды сатып алу.
4. ҚС, ЭБЖ жабдықтардың зақымдану себебін жедел жою үшін бұзылу орнына жедел-жөндеу бригадасын жеткізу және ауыстыру үшін, жол талғамайтын және мамандандырылған техника жұмысына дайындық және жөндеу.
5. Өртке қарсы және апатқа қарсы шаралар, жаттығуларды орындау.
6. «ШҚО бойынша ҚР Энергетика министрлігі Атомдық және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің аумақтық департаменті» нұсқамаларын орындау.
7. Автономды электр станцияларын жұмысқа әзірлеу.

8. Апаттық қорды құру, жөндеу жұмыстары өндірісінің кестесіне сәйкес күзгі-қысқы кезең жұмысына дайындық үшін материалдар және қосалқы бөлшектерді уақытында сатып алу.

9. Күзет аумағындағы ЭБЖ трассасын тазалау.
10. ӘЖ форфор оқшаулауын шыныға ауыстыру.
11. ӨКОС қолданумен ЭБЖ қайта құру және жаңарту.
12. Белгіленген мерзімнен жоғары пайдалануда болған, жабдықтарды ауыстыру, ЭБЖ, ҚС негізгі және қосалқы жабдықтарын қайта құру және жаңарту.
13. Қызметкерлерді оқыту.
14. 10/6/0,4 кВ жабдықтар және тарату желісінің сызбаларын жаңарту.
15. РҚЖА құрылғысын жетілдіру және енгізу.
16. 6-10 кВ жағынан 0,4 кВ жағы бойынша сақтық қорда сақтау.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС

Электр энергиясының нарығы екі деңгейден тұрады: көтерме және бөлшек.

Серіктестік үшін маңызды роль бөлшек нарығы болады.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС өзінің негізгі электрмен жабдықтау қызметін жүзеге асыру үшін электр энергиясын сату-сатып алу шартын және қызметтер көрсету шарттарын жасайды.

Тауарлар және қызметтер жеткізушілері келесі топтарға бөлінеді:

I. Электр энергиясын жеткізушілер.


«Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына сәйкес, «Шығысэнерготрейд» ЖШС электр энергиясын энергия өндіруші ұйымдардан өзінің тұтынушыларын электрмен жабдықтау мақсатында сатып алуды жүзеге асырады. «Шығысэнерготрейд» ЖШС үшін электр энергиясын жеткізушілер төмендегі кестеде келтірілген.

2018 ж. «Шығысэнерготрейд» ЖШС электр энергиясын жеткізушілер

Станция	Агрегаттар саны	Белгіленген жобалық қуаты	Қолдағы нақты қуат
Өскемен СЭС	4 гидроагрегат	339,4 МВт	315 МВт
Шүлбі ГЭС	6 гидроагрегат	702 МВт	702 МВт
Өскемен ЖЭО	9 қазандық 75 т/с - 500 т/с аралығында; 8 турбина, қуаты 4-120 МВт	238,5 МВт	232 МВт
Согра ЖЭО	3 бу қазандығы, 160 т/с, 2 бу турбинасы 25 және 50 МВт	75 МВт	45 МВт
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	2 энергоблок әрқайсысы 500 МВт-тан	1000 МВт	940 МВт
«Екібастұз МАЭС-1» ЖШС	8 энергоблок әрқайсысы 500 МВт-тан	4 000 МВт	3 500 МВт
«Қарағанды Энергоцентр» ЖШС	7 қазан және 4 турбоагрегат	670 МВт	506 МВт

Төмендегі диаграммада 2015-2018 жылдар кезеңіне электр энергиясын сатып алу көлемінің динамикасы келтірілген:


«Шығысэнерготрейд» ЖШС сатып алудың нақты көлемі 2015 жылдан 2018 жылға дейін



2018 жылғы Бюджет бойынша электр энергиясын сатып алу болжамы 2 637 млн. кВт*сағ тең, факті бойынша сатып алу 2 633 млн. кВт*сағ (99,8) құраған.

Электр энергиясының нарығы климаттық және ауа-райының жағдайымен байланысты жыл ішінде өзгереді, көбінесе, ЖЭО, СЭС жұмысының ерекшелігімен байланысты. Жыл сайын электр энергиясын тұтыну-өндірісінің маусымдық жетіспеушілігі қадағаланады.

2018 ж. ШҚО көтерме нарығының басқадай субъектілерімен аймақтық СЭС шинасынан тұтыну, «Шығысэнерготрейд» ЖШС тұтыну-өндіру талдауы



Электр энергиясын өндірудің маусымдық сипатына байланысты күзгі-қысқы кезеңде электр энергиясы қуатының тапшылығы және көктемгі-жазғы уақыт кезеңінде қуат профициті байқалады.

Күзгі-қысқы кезеңде ШҚО қуатының тапшылығына байланысты жағымсыз салдарларды болдырмау үшін «Шығысэнерготрейд» ЖШС сыртқы энергия көздерінен, атап айтқанда «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС, «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ, «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС шиналарынан электр энергиясының жетіспейтін көлемін сатып алуды жүргізді.

II. Қызмет көрсететін жеткізушілер:

1) «Шығысэнерготрейд» ЖШС-нің тұтынушыларына дейін энергия көздерінен электр энергиясын жеткізу аймақаралық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі желілер бойынша «KEGOC» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ және басқадай энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтерді көрсетуге екі жақтық шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС үшін электр энергиясын беру бойынша қызметтерді жеткізушілер

Атауы	Орналасқан жері	Орташа айлық көлем, мың. кВт*сағ	э/э сатып алудан %
«ШҚ АЭК» АҚ	ШҚО	217 160	98,99
«KEGOC» АҚ	ШҚО	124 360	56,69
«Казцинк Энерго» АҚ	ШҚО	49 298	22,47
«Энергис» ЖШС	ШҚО, Өскемен қ.	2 925	1,33
«НК КТЖ» ЖШС	ШҚО	1 819	0,83
«Востокэнерго» ЖШС	ШҚО	1 626	0,74
«Теплокоммунэнерго» МКК	ШҚО, Семей қ.	1 542	0,7
«Восток-Огнеупор» ЖШС	ШҚО, Өскемен қ.	1 341	0,61
«Еңбек-Өскемен» ЖШС	ШҚО	1 202	0,55
«ВостокМазут» ЖШС	ШҚО, Өскемен қ.	628	0,29
«Сип» ЖШС	ШҚО, Өскемен қ.	402	0,18
«Бақыршық тау кен өндіру кәсіпорны» ЖШС	ШҚО	302	0,14

Электр энергиясын тарату және жеткізу бойынша қызметтер, табиғи монополия саласы болғандықтан, «Шығысэнерготрейд» ЖШС-нің аталған қызметтерді таңдауда баламалы таңдауы жоқ, себебі тұтынушылар олардың желісіне қосылған.

Аймақаралық желілер бойынша жеткізу шарттары және басқадай деңгейлер жария болып табылады, үлгілік түрі жасалады.

Бұдан басқа, қызметтерді жеткізу тарифтері монополияға қарсы органдармен келісіледі, сонымен байланысты жеткізуге шығындар «Шығысэнерготрейд» ЖШС-нің түпкі бағасына өтпелі болады.

2) жүйелік және қосымша қызметтер жеткізушілері:

- орталықтандырылған саудалар өткізу және ұйымдастыру бойынша қызметтер («КОРЭМ» АҚ);
- Қазақстан БЭЖ электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер («KEGOC» АҚ);
- Қазақстан Республикасы электр энергиясы теңгеруші нарығында теңгеруші электр энергиясын сатып алу-сату («KEGOC» АҚ «Энергоинформ» мекемесі).

Электр энергиясы нарығындағы бәсекелестік орта

Саланың дамуы төмен өсу қарқынымен және тұрақтылығымен байқалады.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС электр энергиясын тұтыну үлесі 2018 жылы ШҚО нарығында 31% құрайды.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС электр энергиясын тұтыну үлесі 2018 жылы ШҚО нарығында ЭЖҰ арасында 69% құрайды.

Электр энергиясы нарығындағы бәсекелестер энергиямен жабдықтаушы ұйымдар болып табылады.

Электр энергиясының республикалық нарығында «Шығысэнерготрейд» ЖШС бәсекелестеріне келесі нарық субъектілерін¹ жатқызуға болады :

1. «Үзен» ЖШС;
2. «АБ Энерго» ЖШС;
3. «Промснаб Астана» ЖШС;
4. «SilkWayEnergy» ЖШС.

ШҚО электр энергиясы нарығындағы бәсекелес ұйымдар

№	Атауы	2018 ж .		
		млн. кВт*с	% ЭЖҰ, ЭБҰ және тікелей тұтынушылар тұтынуы %	% % ЭЖҰ тұтыну (ЭБҰ және тікелей тұтынушыларсыз)
	ЭБҰ және тікелей тұтынушылар тұтынуы	4 699,05	55,2	
1	«Шығысэнерготрейд» ЖШС	2 632,65	30,92	68,6
2	«Семейэнерготрейд» ЖШС	214,73	2,5	5,6
3	«Алтайэнерго Трейд» ЖШС	10,18	0,1	0,3
4	«ДТХ Нефтегазмаш-сервис» ЖШС	47,09	0,6	1,2
5	«ВостокЭнерго Трейд ЖШС	45,34	0,5	1,2
6	«Алтай энеджи» ЖШС	1,60	0,02	0,04
7	«СПСТ Компания» ЖШС	31,90	0,4	0,8
8	«Энергетический Комплекс Т» ЖШС	26,86	0,3	0,7
9	«ВостокЭнергоГрупп» ЖШС	9,55	0,1	0,3
10	«Системный трейдер ЭИМ» ЖШС	33,69	0,4	0,9
11	«АБ Энерго» ЖШС	185,13	2,2	4,9
12	«Үзен» ЖШС	278,10	3,3	7,3
13	«ҮМЗ» АҚ	147,07	1,7	3,9
14	«SilkWayEnergy» ЖШС	52,62	0,6	1,4
15	«Риддерэнергосервис» ЖШС	0,31	0,004	0,008
16	«Промснаб Астана» ЖШС	98,95	1,2	2,6
Барлығы		8 514,83	100%	100%

¹ Бәсекелес ұйымдар бойынша деректер «KEGOC» АҚ Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесі жүйелік операторының 2018 жылғы нақты теңгерімі негізінде жасалған.

ШҚО бойынша ЭЖҰ тұтыну талдауы

ЭЖҰ атауы	2018 жыл	
	млн. кВт*сағ	%
ШҚО бойынша тұтыну	8 515	100%
ШҚО бойынша ЭЖҰ тұтынуы, соның ішінде:	3 816	45,6%
ШҚО бойынша тұтынуынан «Шығысэнерготрейд» ЖШС	2 633	31%
ШҚО бойынша ЭЖҰ тұтынуынан «Шығысэнерготрейд» ЖШС		69%

Шығыс Қазақстан облысының бөлшек нарығында электр энергиясын тұтынушыларға жеткізуді **16 энергиямен жабдықтаушы ұйым** жүзеге асырады, олардың қызметі «Шығысэнерготрейд» ЖШС-нің қызметімен бәсекелеседі.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС тұтынушылары

«Шығысэнерготрейд» ЖШС клиенттері Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысының электр энергиясының бөлшектік нарық субъектілері болып табылады.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС 01.01.2019 ж. жағдайы бойынша Шығыс Қазақстанның 508 мыңнан аса тұтынушыларына электр қуатын жеткізеді, оның ішінде 21 476 – тұрмыстық емес тұтынушылар және 486 649 тұтынушылар электр энергиясын тұрмыстық мақсатта қолдананады (тұрғындар) 283 226 км² аумағында, 15 ауданды, 10 қаланы, 30 кентті, 870 ауылдық елді мекенді қоса алғанда.




ШҚО халқына электр энергиясын бөлшектеп сату бойынша «Шығысэнерготрейд» ЖШС-нің үлесі 99%-дан жоғары.

«Шығысэнерготрейд» ЖШС Шығыс Қазақстан облысы бойынша электр энергиясының кепілді жеткізушісі болып табылады.

Тұтынушылар саны және құрылымы

Тұтынушылар тобы	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Тұрғындар	464 098	475 633	477 677	485 013	486 649
Тұрмыстық емес тұтынушылар, соның ішінде:	20 297	20 514	20 524	21 245	21 476
Өнеркәсіптік және соларға теңестірілген тұтынушылар	856	828	889	773	731
Бюджеттік ұйымдар	2 136	2 143	1 968	1 743	1 677
Басқадай тұтынушылар	17 305	17 543	17 737	18 729	19 068
Барлығы:	484 395	496 147	498 271	506 258	508 125

